

Кәпқызы Е.
**Сараптамалық
журналистика**

Мақалада журналистикадағы өзекті жанрлардың бірі – Сараптамалық журналистиканың жасалу жолдары мен оған берілер анықтамаларды талдап-сараптайды. Әрі болашақ журналистерге сараптамалық мақала жазудың жолдары ұсынылады. Сондай-ақ, отандық журналистикада бұған дейін қалыптасып қалған таптауырын сүрлеулерден бас тартып, заманауи технологияларды қолдана отырып мақала жазудың теориялық аспектілері әңгіме өзегіне айналады. Автор шетелдік және отандық ғалымдардың сараптамалық журналистикаға берген анықтамаларынан цитаталар келтіре отырып, оған байланысты өзінің ғылыми тұжырымдары мен байламдарын ұсына кетуді де жөн санайды.

Түйін сөздер: сараптамалық журналистика, қазақ журналистикасы, медиа, БАҚ.

Капкызы Ү.
**Analytical
journalism**

This article examines the methods of making and their definitions of one of the key genres of journalism – the expert journalism. Besides, it offers future journalists some guidelines of how to write an expert article. Consequently, the present work observes the theoretical aspects of writing articles by using modern technologies and refusing of the hackneyed ways of writing that have been followed in the national journalism so far. The author, citing the explanations of expert journalism given by both local and foreign scholars, suggests her own conclusions related to the issue.

Key words: analytical journalism, Kazakh journalism, media.

Капкызы Е.
**Аналитическая
журналистика**

В статье рассматриваются методы создания и определения одного из ключевых жанров журналистики – аналитической журналистики. Кроме того, данная статья предлагает будущим журналистам способы написания аналитической статьи. Наряду с этим в работе рассматриваются теоретические аспекты написания статей с использованием современных технологий и отказ от стереотипных путей, которые были использованы в национальной журналистике до сих пор. Автор, ссылаясь на определения местных и зарубежных ученых относительно аналитической журналистики, предлагает собственные выводы, связанные с этим вопросом.

Ключевые слова: аналитическая журналистика, казахская журналистика, медиа, СМИ.

САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Сараптамалық журналистика жайында сөз қозғамас бұрын, ең әуелі «сараптама» сөзінің мәніне үңіліп көрелік. Сараптама сөзіне уикипедия ашық энциклопедиясында «Сараптама — ғылым, техника, өнер, т.б. салаларда арнайы таным, білім мен білік талап ететін қандай да бір мәселеге зерттеу жүргізу. Сараптаманың ғылыми зерттеуден айырмашылығы сол, ол құбылыстарды емес, болып кеткен жағдайды және оның себептерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Көбіне экономикалық, бухгалтерлік, медициналық, соттық сараптамалар жүргізіледі»[1] деген анықтама береді «Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық» сөздігіне сілтеме жасай отырып. Ал орыс тіліндегі уикипедия анықтамасында «мәселелерді шешу және зерттеу кезіндегі сараптамаға қатысты дүние» деген анықтама береді. Аналитика сөзінің этимологиясына үңілсек, оны ең әуелі грек ғалымы Аристотельдің пайдаланғанын көреміз. Яғни аналитика түсінігінің өзі грек сөзінен алынып отыр. Оның грек тіліндегі мағынасы – түсініктерді, қайнар көздерді, қарапайым принциптерді жеріне жете түсіндіру, бұл ретте талдау дәйекті де деректі сипатқа ие болуы тиіс. Қазақ тілінде «сараптама» сөзі орыс, ағылшын тілдеріндегі «экспертиза» және «аналитика» сөздерінің баламасы ретінде қолданыла береді. Алайда, біз «сараптамалық журналистиканың» ағылшын тіліндегі баламасы ретінде «analytical journalism» мен орыс тіліндегі «аналитическая журналистика» нұсқаларын қарастыратын боламыз. Бәлкім қазақ тіліндегі сараптама сөзінің «экспертиза» ұғымын беретінін ескерді ме, профессор Кәкен Хамзин «Талдамалы журналистика»[2] терминін ұсынады. Алайда Кәкен Хамзиннің талдамалы журналистикасындағы ұғымдар мен түсініктер біз ұсынатын сараптамалық журналистика туралы ұғымнан сәл өзгешеу талданады.

Аталған оқулықта талдау, анализдеу және синтездеу, дәлелдер мен дәйектерді сараптаумен қатар, журналистің негізгі міндеті ретінде оқиғаны талдау, түсіндіру және өз ойын айту мәселесі де ұсынылады. «Аналитик-қаламгер проблема түйінін шешудің нендей мүмкіндіктері бар, неге дәл солай әрекет ету керек сияқты сауалдарға жауап іздейді. Сонымен қатар оқырманды да ойландыруға итермелейді, оған пайым кеңістігінде өз пікірін автор пікірімен ойша салыстыруға, белгілі бір қорытын-

ды жасауға мүмкіндік береді» [2] дейді Кәкен Хамзин.

Осы ретте «журналистің негізгі міндеті не?» деген ежелгі сауалға қайта оралу қажеттігі туындайды. Журналистің негізгі мақсаты қоғамда жиі талқыланатын мәселелерге байланысты өзінің жеке ой толғамдарын ұсыну ма, әлде деректер мен дәйектерді сараптай отырып, қоғамдық ойдың туындауына, қоғам пікірінің қалыптасуына ықпал етуі ме? Қазақстан қоғамында екеуінен де бас тарта алмаспыз анық. Ал Батыс журналистикасында журналистің жеке көзқарасы екінші планға ығыстырылады. Журналист нақты деректер мен фактілерді табуға және оқиғаларды ой елегінен өткізуге, сараптауға құқылы. Алайда оған өзінің жеке көзқарасын таңуға болмайды.

2005 жылдың сәуір айынан бастап БиБиСи-дің қазақ қызметінде жұмыс істеу тәжірибесіне ие болдым. Бұған дейін он жылға жуық журналистік тәжірибемнің бар екендігіне қарамастан, БиБиСи-де мен журналистік мектептің жаңа сатысына көтерілгендей болдым. Әлемдік медианың көшбасшысы саналатын БиБиСи-дің ақпарат тарату, мәселені сараптау, талдау жүйесінің мүлдем өзгешелігі мені таңғалдырды. Кейін «Азаттық» радиосында интернет материалдарын жазуда да осы қағидаттардың басшылыққа алынатындығын білдім. Демек, Американдық медиа мен ағылшын медиасының талаптары бір-бірінен алшақ кетпейді. Ең бастысы, мақалада ия сараптамада объективтіліктің сақталуы, журналистің өз тұжырымдары мен көзқарастарын таңбау, ақпараттың шынайылығын тексеру әрі дәйектер мен деректерге сүйену, нақты оқиғаларды талдау қажеттігі. Сараптаманың кейбір элементтері қазақ журналистикасында көрініс тапқанымен, батыстық ия ресейлік сараптамадан бәрібір алшақ жатқанын көреміз. Бұның сыры неде? Кәсібилік пе, медиа менеджменттің таяздығы ма, жоқ әлде елдегі журналистика мен саяси пиардың бір-бірімен астасып кеткендігі ме? Көптеген журналистика теориясын зерттеуші мамандар да, журналистердің өздері де, медиа сыншылар да – ең әуелі медиа менеджменттің елде өз деңгейінде дамымағандығын, сөз бостандығының күн өткен сайын қусырылып, тәуелсіз ақпараттың күні тарылып бара жатқандығын көлденең тартады. Біз де осы себептерге қосыла отырып, негізгі зерттеу тақырыбымызға қайта оралғанды жөн көріп отырмыз.

Сараптамалық журналистиканың негізгі ерекшеліктері

Сонымен сараптамалық журналистика дегеніміз не? Оны жазуда ең басты ескеретініміз

не? Біздің бұл мақаланы жазудағы басты мақсатымыз осы сауалдарға жауап іздеу болмақ. Журналистика теориясына үңілсек, журналистика жанрларын шартты түрде үшке бөлу ежелден бері қалыптасып қалған үрдіс. Олар: ақпараттық, сараптамалық және көркем-публицистикалық. Журналистиканы әдебиетке жақындататыны да, көркем ой, ұтқыр тұжырымды қажет ететіні де – көркем-публицистикалық жанр. Журналистика мамандығының – қоғамдық-әлеуметтік ғылымдарға жақындығына қарамастан филология факультетінің жанынан немесе филология кафедраларының ішінен ашылатындығы да сол баяғыдан қалыптасып қалған стереотиптің салдары. Ал біз үлгі тұта беретін Батыста журналистика кафедрасы коммуникативтік ғылымдар мен масс-коммуникация факультетінің еншісінде, я болмаса қоғамдық ғылымдар факультеті жанынан ашылады және оның қасиетті сөз өнеріне қатысы жоқ деп есептелінеді. Журналистика – кәсіп, оны игеруге болады деген түсінік қалыптасқалы қашан. Ендеше ол кәсіпті игеру үшін, қандай талаптарға жауап беру керек? Мәселе осында! Қазіргі қазақ журналистикасындағы сараптаманың кейбір үлгілері көркем-публицистиканың элементтерін де араластырады. Сондықтан ғылымда оларды аралас жанр ретінде қабылдайды.

Сонымен Батыс және Ресей теоретиктері мен отандық ғалымдар сараптамаға қандай анықтама береді? Сан-Франциско мемлекеттік университетінің профессоры J.T. Johnson мен Колумбия университетінің профессоры Steven S. Ross «Analytical journalism» атты еңбегінде «Сараптамалық журнализм дегеніміз арнайы құралдарды пайдалана отырып, сыни ойлау тұрғысынан дайындалатын мақала» [3] деген ой айтқан. Бұл жерде авторлар қандай құралдарды меңзеп отыр? Мақала интернет сараптама жайында болып отырғаннан кейін, авторлар негізінен интернетте пайдаланылатын әдіс-тәсілдер жайында сөз қозғайды. Олар аудио-видео, фото және инфографика. Яғни деректер мен дәйектер. Сараптаманың негізгі өзегі – дерек пен факт, аргументтер. Біздің кейде екі цифрды пайдалана отырып, бүкіл сараптаманы жалаң сөздермен жазып шығатынымыз болады. Бұл ретте аталған цифрларға қатысты тараптардың пікірлері ескерілмейтіні өз алдына, кейде сол цифрларға сілтеме жасауды да ұмытып кетеміз. Аталған оқулықта негізгі құралдар ретінде журналистердің мақала жазу барысында қолданатын сараптамалық құралдары мен дайындық барысында қажет деректер аталады. Мәселен, теорияның жалпы жүйесі, статистикалық талдау, графикалық презентация, модельдеу теориясы.

Яғни журналистика бірінші кезекте ақпаратты көпшілікке тарату миссиясын орындаса, екінші кезекте қоғамдық маңызы бар проблемалар мен тақырыптарды, мәселелерді көпшілік талқылауына салуы арқылы көпшіліктің ой пікіріне қозғау салады. Ресей ғалымы А. Тертычный [4] сараптамалық журналистикаға журналистикадағы корреспонденциядан бастап, талдамалы мақала, сараптамалық сұхбат, репортаж секілді жауынгер жанрлардың барлығын жатқызады. Бұл тұрғыдан профессор К. Хамзиннің көзқарасы А. Тертычныймен үйлесім жатады.

Профессор Кәкен Камзин «Талдамалы журналистикаға» былай анықтама береді: «Талдамалы журналистика немесе «екінші белдеудегі» журналистика – ол сапалы әлеуметтік сөздің нағыз өзі, көз алдымыздан өтіп жатқан үдеріс кадрларын ұтымды монтаждау. Олай десек, аналитикалық жарияланым дайындайтын қаламгерге ақпаратшы-журналист қасиеті аздық етеді. Сондықтан кейбір шет ел ақпарат құралдарында репортёр мен комментатор қызметінің ара-жігі ажыратылған, еңбек бөлінісі айқындалған. Репортёрге (хабарламашы-журналистке) тек қана фактілерді іздеп тауып, редакцияға жеткізу жүктеледі. Ал оларға трактовка, интерпретация жасау комментаторларға, сол саланы бес саусағындай білетін арнаулы дайындығы бар сараптамашы-журналистке (экономика, саясат, заңнама, әдебиет, мәдениет, өнер және спорт салаларын жақсы білетін адамға) тапсырылады. Я болмаса бұл іске ғалымдар, белгілі бір салада жұмыс жасап жүрген практик-мамандар тартылады» [5].

Сараптама жазуда журналистер фактілерді өзара салыстыру, жаңалықтарды түсіндіру және болашаққа болжам жасауға да талпынып жатады. Сараптамалық журналистиканың негізгі объектісі ретінде маңызды қоғамдық құбылыстар, мәселе және оқиға қарастырылады. Ал қазіргі сараптаманың ерекшелігі неде?

- Тәуелсіз жанр
- Ешқандай мүддеге бағынбайды
- Объективті ақпарат береді
- Сыңаржақ көзқарастардан аулақ
- Журналистің жеке көзқарасы таңылмайды
- Эмоциядан аулақ болу
- Көсемсіп ақыл айтудан аулақ болу

Өкініштісі, Қазақстан журналистикасы жағдайында тәуелсіз ақпарат жасау мүлдем қиын. Не мемлекеттік, не оппозициялық медиадан тұратын қоғамда баспасөздің мүлдем тәуелсіз болуын талап ету де қисынға келмейтін секілді. Сіздің жазатын ақпаратыңыз ешкімге тәуелсіз болуы үшін, сол тәуелсіз ақпаратты басуға баты-

лы жететін я жүрегі дауалайтын ақпарат құралы болуы тиіс. Біздің қоғамда қоғамдық басылым я телеарна ашу туралы әңгімелердің анда-санда қылаң беріп қалатыны бар. Бірақ, баспасөздің бүгінгідей насихат құралына айналып, тек белгілі бір кампания үшін жұмыс жасап тұрған кезінде қоғамдық басылым туралы әңгіме де қоздамай жатып, сөнді. Сол себепті де, «ешқандай мүддеге бағынбайды» дейтін екінші талаптың да мүддесінен шығу қиын боп тұр.

Тіпті, Батыста баспасөзді құрал деудің өзі қисынсыз көрінеді. «Құрал», «бұқаралық ақпарат құралдары» – деген термин біз секілді күні кеше ғана идеология құрсауынан шыққан мемлекеттерге ғана тән. Өзге елдерде, баспасөзді – «медиа» деп атау қалыптасқан. Өйткені ол мемлекеттерде қоғамдық басылым, тәуелсіз ақпараттың өзге де түрі дамып қалыптасқан. Сол себептен де болар баспасөздің жауынгер жанры – сараптаманың түр-түрін дамытып, қоғамдағы баспасөздің рөлін арттырып отыр. Сондықтан да олардың журналистикасы сапалы, әрі беделді. Ал біздегі сараптама әзірге сыңаржақтықтан аса алмай отыр.

Сарапшы-журналистке қойылатын талаптар

Жалпы, сараптамаға қойылар негізгі талап – сыңаржақ көзқарастардан аулақ болу. Біздің кейбір әріптестеріміздің бір партияның немесе бірін-бірі қолдайтын, бір корпоративтік мүддеге бағынатын сарапшылардың бірнешеуін сөйлетіп, мұны әртүрлі көзқарастар жиынтығы ретінде ұсынуы да сараптаманың негізгі талап-мүддесінен шыға алмай отырғандығының көрінісі. Осы ретте келесі бір ұғымның туындауы заңды. Ол – объективтілік. Объективтілік дегеніміз – кез келген мәселені деректер мен дәйектер тұрғысынан сөйлете білу. Mariangela Gudiño «Analytic Journalism» атты мақаласында «Сараптамалық журналистика дегеніміз журналистиканың бір түрі. Бұл – Батыс пен Шығыстың дамыған және дамушы елдерінің барлық таптары үшін шынайы және объективті ақпарат. Сараптамалық журналистика зерттеу журналистикасының кейбір элементтері мен түсіндірмелік есеп беру амалдарының жиынтығы» [6] деген анықтама береді. Яғни сараптаманы жасау үшін объективтіліктің басты қағида екенін ескеруіміз қажет.

Ал субъективтілік – өзінің жеке ой толғанысы, эмоциясы және көзқарасы. Сараптаманың бір ерекшелігі – осы жеке көзқарастан, ой толғанысынан барынша бас тарту. Біздің аға буынымыз да, қазіргі толқын да әлі күнге дейін үйрене алмай жүрген бір мәселе – журналистің сот әрі судьяның немесе ақылгөй, дана ата-әжелеріміздің рөлін атқаруы.

Объективтілікпен қатар, ақпараттың шынайылығы деген тағы бір мәселенің көлденең-дейтіні рас. Қазақ журналистикасындағы дерттің бірі – ақпаратты тексермеу. Гу-гу, ұзынқұлаққа сену, ақпараттың қайнар көздерін іздеп жатпау. Мәселен, жақында www.zannews.kz [7] сайты «Скандал разгорается вокруг аудиозаписи с закрытого совещания министра Мухамедиулы» атты мақала жариялады. Кейін осы мақаланы қазағы бар, орысы бар барлық сайт көшіріп басты. Алайда, ешқандай сайт иелері немесе журналистері осы проблема төңірегінде сараптама жасауға талаптанған жоқ. www.nur.kz, www.7kun.kz, www.qamshy.kz, www.matritca.kz секілді сайттардың барлығында аудио жазба немесе оның расшифровкасы ғана берілген. Ақпарат көзі ретінде John Smith деген атаумен www.youtube.com сайтына жүктеген адамның аты ғана айтылады. Аудио жазбаны сот сараптамасының қорытындысыз біз ондағы дауыстардың кімге тиесілі екенін нақты айта алмаймыз (әрине, аудио жазбада Арыстанбек Мұхамедиұлының аты бірнеше рет қайталанатын). Сол себепті де «Қазақфильм» киностудиясы мен Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметіне хабарласып, атышулы аудио жазба туралы олардың да реакциясын білуге болатын еді. Сол арқылы біз ақпараттың қаншалықты шындыққа жанасымды екенін білуге талпынар едік. Әрине, аталған ресми органдардың өкілдері жауап беруден бас тартуы немесе аталған аудио жазбаны мойындамасы хақ. Бірақ, біз ақпараттың шынайылығын тексеруге және оған мүдделі адамдардың пікірін білуге талаптанамыз. Сөйтіп сараптамаға сай талаптарға жауап беруге ұмтыламыз. Бірақ біздің журналистердің мұндайға бармауының сыры неде? Меніңше, сараптаманың талаптарын әлі дұрыс түсінбеуінде. Профессор Кәкен Хамзин бұның себебін журналистикаға көлденең көк аттының келетіндігінен, журналистика мамандығын даярлайтын оқу орындарында кәсіби мамандардың болмауынан іздейді: «Соған қарамастан қазіргі журналистиканың беделді теоретиктері мен практиктерінің заманалы масс-медиаға көңілдерінің толмауына, баспасөз өмір шындығын бейнелеуде әлсін-әлі үстірт кетеді, көбігін ғана қалқып өтеді деген пікірді қадай айтуына не себеп? Оның гәбі, әрине, әлденеше. Менің пайымдауымша, ең алдымен көңілі жүйрік адамның ғылыми білімінің ғаламдық үдерістерді тануға шама-шарқының жетпей жатуы. Одан кейін атап көрсетерім, қабілет пен дарынды жаратылыс қана бере алады. Бұрындары ақпарат құралдары сияқты өткір де нәзік салада қызмет атқаруға бетке шығар қаймақ,

тандаулылар ғана тартылса, тап қазір ықылас білдіргеннің бәрі іс жүзінде журналистиканың киелі табалдырығынан именбей аттай беруге хақы алды. Бұл – үшіншіден. Соның салдары – осы күндері Қазақстан ақпараты айналасына журналистиканың әлеуметтік ролін жыға танымайтындар қаптап кетті. Олар журналистиканы тек күнкөріс көзі, елге танылу құралы деп қана ұғады. Одан былай, журналистердің ұзын санына кіріп жүргендердің денінің кәсіби дайындығы да ешбір сын көтермейді. Ұлттық журналистиканың ашып айту кеңістігінде көштен қалуына, қоғамдағы беделінің төмендеуіне, оның шынайы «төртінші билік» атана алмауына тікелей себепші болып жүргендердің бірі – міне, солар» [5] деп шегелейді. Яғни журналистиканың әлеуметтік ролін жыға танымайтындар салдарынан журналистика да, сараптама да бүгінгідей үстірт жазылатын болды. Оның үстіне, бұқаралық ақпараттағы арзан сенсация қуу, оқырман тарту мақсатында жұлдыздардың өмірін әңгіме өзегіне айналдыру – бүгінгі журналистиканың жалпы көрінісі осылай болып барады. Әсіресе интернет журналистика. Демек, журналистиканы түбегейлі өзгертетін және жаңа менеджментке жол беретін уақыт жетті. Егер қазіргідей жалғаса беретін болса, журналистикадан да, қаптаған журналшыдан да кәдір кететінін ұмытпаған жөн.

Сараптамалық мақаланың мақсаты:

Сонымен сараптамалық мақаланың мақсаты не? Mariangela Gudiñoның пайымдауынша олар төмендегідей:

- Белгілі бір маңызды ақпаратты жан-жақты талдау арқылы оқиғаны індету;
- Зерттеуді журналистік жанрға айналдыру және оны аудиторияға ақпарат ретінде жеткізу;
- Нақты, анық және қысқа, артық ақпаратсыз;
- Талдап отырған тақырыпты жан-жақты зерттеу, қолдаушы және қарсы тараптардың барлығының көзқарасын беру;
- Мәселені өзін түсіне білуің керек; сондай-ақ, оқырман өзі түйін жасай алатындай, оны аудиторияға түсінікті тілде жеткізе білген абзал;
- Фактілерді өзге де баламалы ақпарат көздерімен салыстыру;
- Фактінің өзін немесе жаңалық тарихын еске ала отырып анықтау;
- Бәрінен бұрын, талдаудағы негізгі мақсат – мақаланы дайындау және баспаға беру барысында объективті және бұрмаланбаған ақпарат беру;
- Сондай-ақ, сіздің мақсатыңыз шынайы ақпаратты деректермен түсіндіру.

Біз сараптамалық мақаланың негізгі көздеген мақсатына қатысты пікірімізді осы Mariangela Gudiñoның пайымдауымен сабақтастырғанды жөн санаймыз. Ақпараттың негізгі өзегі және оны жан-жақты түсіндіру және фактілерді бұрмаламау – сараптамалық журналистиканың басты міндеті. Бұл ретте теоретиктер баламалы ақпарат көздерінің де деректері мен дәйектерін пайдалануды және сараптауды ұсынады. Дегенмен, Қазақстан жағдайында бұның мүмкін еместігін тағы еске сала кеткен жөн. 2011 жылы сол кездегі Мәдениет және ақпарат министрлігі мемлекеттік ақпарат құралдарына төтенше жағдай кезінде бейресми ақпарат таратуға және ресми ақпаратты теріс түсіндіруге тыйым салды. Бұл туралы сол кездегі Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбай үкімет отырысында мәлімдеген. Оның айтуынша, «мемлекеттік ақпарат құралдарының бейресми ақпаратты жариялауы немесе оны теріс түсіндіруі ақпараттың шынайылығына күмән тудырып, азаматтарды қандай да бір іс-әрекет жасауға итермелейді» [8]. Министр бұған қоса хабар тарататын барлық телеарна, газет және интернет ресурстарында да бейресми ақпараттың таралып кетпеу амалдары қарастырылып жатқанын айтады. Ал 2014 жылы қайта қабылданған Қылмыстық Кодексте «Біле

тұра, әдейі жалған ақпарат таратқан адам қылмыстық жауапқа тартылады» [9] деген арнайы бап енеді. Демек, мұндай құқықтық реттеу тұрғанда балама ақпарат көздерін пайдалану және оны ой елегінен өткізу оңай болмай тұр. Дегенмен, сараптамаға қойылар талаптардың бірі ретінде болашақ журналиске ұсынуды артық көрмейміз.

Қорытынды немесе журналистік сараптама жасауда ескеретін жәйттер

1. Маңызды ақпарат: көкейкесті, әлеуметтік маңызы бар және ерекше тақырып болғаны абзал;

2. Көздеген фокустан ауытқымау;

3. Негізгі сауалдар мен оқиға кейіпкерлерін айқындау: мүдделілер, зардап шегушілер мен тәуелсіз сарапшылар.

4. Мәтінді суреттеу барысында «Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Не үшін? Неге маңызды?» атты сауалдарға жауап беру көзделуі тиіс;

5. Дәлел мен дәйек мейлінше мол болуы тиіс;

6. Қорытынды тек фактілер арқылы жасалады.

Демек, толыққанды сараптама жасау үшін аз тер төкпесіміз анық. Сонда ғана сапалы да, салықалы журналистика қалыптасары сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік, – Алматы: Жеті жарғы, 2008
- 2 Кәкен Хамзин. Талдамалы журналистика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 312 б
- 3 J.T. Johnson, Steven S. Ross «Analytical journalism» <http://www.bu.edu/iaj/Pubs/IAJProposal-20010327.PDF>
- 4 Тертычный А. А. Аналитическая журналистика. М., 1998.
- 5 Mariangela Gudiño. Analytic Journalism <https://prezi.com/2yg0xfxl2jy/analytic-journalism/>
- 6 <http://zannews.kz/ministr-kultury-kazakhstan-akazals/> Скандал разгорается вокруг аудиозаписи с закрытого совещания Мухамедиулы
- 7 Кәкен Хамзин. Журналистиканың басты кейіпкері – шындық. www.jurfak.kz; <http://jurfak.kz/archives/858>
- 8 <http://www.azattyq.org/content/news/24704409.html>
- 9 Қылмыстық Кодекс, 2015 жыл, 274-бап

References

1. Russian-Kazakh legal dictionary and reference [Orisha-qazaqsha zandyq tucindirme sozdik-anyqtamalyq]— Almaty: Zhety jargy, 2008
2. Kaken Hamzin. Analytical journalism. Textbook. [Taldamaly zhurnalistika. Oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2013. – 312 bet.]
3. J.T. Johnson, Steven S. Ross «Analytical journalism» <http://www.bu.edu/iaj/Pubs/IAJProposal-20010327.PDF>
4. Tertychnyi A.A. Analytical journalism. [Analytyshekaja jurnalistika]. M., 1998.
5. Mariangela Gudiño. Analytic Journalism <https://prezi.com/2yg0xfxl2jy/analytic-journalism/>
6. <http://zannews.kz/ministr-kultury-kazakhstan-akazals/> The scandal erupted around the video from a closed meeting of the Minister Muhamediuly [Skandal razgoraetsya vokrug audiozaisi s zakrytogo soveshania Myhameduly]
7. Kaken Hamzin. «The main character of journalism is truth», [Zhurnalistikany basty keipkeri – shundyq] www.jurfak.kz; <http://jurfak.kz/archives/858>
8. <http://www.azattyq.org/content/news/24704409.html>
9. Criminal Code 2015 year, 274-article [Qylmystuq Kodeks]